КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2023 жылғы 6 қараша № 7119-23-00-2/10687 іс Астана қаласы
7119-23-00-2/10688
7119-23-00-2/10689

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.К.Кусманова,
сот отырысының хатшысы Н.А. Белгибекованың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитеті "Қазсушар" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕРЛЕР:
Қасен Айнұр жеке кәсіпкер
Ерохина Наталья Александровна жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 30 шілдеде талапкер мен ЖК Қасен Айнұр арасында № 1135 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі – Шарт1) жасалды, оның талаптары бойынша жауапкер 750 000 теңге сомасына 50 дана тауарды - жылытқыш (Қыздырғыш) жеткізу бойынша өзіне міндеттемелер қабылдаған.

Шартқа 1-қосымшаға сәйкес 1 тауарды жеткізу мерзімі - шарт жасалған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2023 жылғы 15 тамызды қоса алғанға дейін.

Шартта белгіленген мерзімде тауар жеткізілмеген.

Құжатқа қол қойылған: Кусманова А. К., 13.11.2023
Заңды күшіне енген күні: 15.12.2023, судья Кусманова А. К., 21.12.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Қасен Айнұр тауары талапкерге 2023 жылғы 19 қыркүйекте жеткізілген, ол №231127/00/2 мемлекеттік сатып алу порталында тауарды қабылдау-беру актісімен расталады.

2023 жылғы 20 маусымда талапкер мен ЖК Ерохина Н. А. арасында № 1135 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі – Шарт2) жасалған, оның талаптары бойынша жауапкер 610 000 теңге сомасына 1 дана мөлшерінде к160/30 (Сорғы) тауар жеткізу бойынша міндеттемелерді өзіне қабылдаған.

Шарт2 қосымша 1 сәйкес, тауарды жеткізу мерзімі-шарт жасалған сәттен бастап 60 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2023 жылғы 19 тамызды қоса алғанға дейін.

Шартта белгіленген мерзімде тауар жеткізілмеген. Шарт2 мемлекеттік сатып алу порталында 2023 жылғы 18 қыркүйекте біржақты тәртіппен бұзылған.

Талап қоюшы өзінің талабында жауапкерлердің шарттық міндеттемелерді бұзғандарын, белгіленген мерзімде тауар жеткізілмегенін, бұл оларды мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз болып табылатынын көрсетті.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

"Мемлекеттік сатып алу туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – заң) 12-бабы 4-тармағының 3-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі олармен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

"Соттардың Мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 4 нормативтік қаулысының 8-тармағына сәйкес олармен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілерді Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талаптарды қарау кезінде соттар өнім берушінің кінәсін назарға алуы қажет АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде және Тапсырыс беруші үшін орын алған жағымсыз салдарлар, АІЖК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен парасаттылық критерийлеріне сүйене отырып. Теріс салдарлар деп Шарттың тарапына осындай залал келтіруді, ол шарт жасасу кезінде сенуге құқылы нәрседен едәуір айырылғанын түсіну керек (АК-нің 401-бабының 2-тармағы).

Жауапкер Қасен Айнұр тауарды талап қоюшыға жеткізуіне, талап қоюшы тарапынан тауар қабылдағанын, талапкер сотқа жағымсыз салдарлар туралы хабарламағанын, талапкер шарт жасасу кезінде сенген нәрсені алғанын ескеріп, Қасен Айнұрды мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз жоқ.

Құжатқа қол қойылған: Кусманова А. К., 13.11.2023
Заңды күшіне енген күні: 15.12.2023, судья Кусманова А. К., 21.12.2023
7119-23-3-1/10379

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Аталған жағдайларда Қасен Айнұрға берілген талап бөлігі қанағаттандырылуға жатпайды

Жауапкер Ерохина Н. А. тауарды белгіленген мерзімде жеткізбегендіктен, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз бар. Талапкер шарт жасасу кезінде күткен нәрсені ала алмады, бұл шарттың бұзылуына негіз болған. Талапкердің сотқа жүгінуінің 30 күндік мерзімі сақталған.

Мұндай жағдайларда Ерохин Н.А. бөлігіндегі талап қанағаттандырылуға жатады.

АПК-нің 117 бабының тәртібімен жауапкерден мемлекет кірісіне 1 725 теңге сомасында мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап арызы ішінара қанағаттандырылсын.

Жауапкер Наталья Александровна Ерохина жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер Наталья Александровна Ерохинадан мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитеті "Қазсушар" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қасен Айнұр жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алуда жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап-арызын қанағаттандырудан бас тартылсын.

Шешімге тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **А.К. Кусманова**

Құжатқа қол қойылған: Кусманова А. К., 13.11.2023

Заңды күшіне енген күні: 15.12.2023, судья Кусманова А. К., 21.12.2023

7119-23-3-1/10379